

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріздендірілген нормативтік-анықтамалық ақпаратты пайдалануы туралы хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 қантардағы № 31 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕДЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылғы 19 мамырда Минскіде жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріздендірілген нормативтік-анықтамалық ақпаратты пайдалануы туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

С. Ахметов

Премьер-Министрі

Қазақстан

Үкіметтің іні

2013

жылғы

24

Республикасы

№

31

қаулысымен

қантардағы

бекітілген

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріздендірілген нормативтік-анықтамалық ақпаратты пайдалануы туралы**

**ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің үкіметтері,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық қеңістік туралы шартты және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты басшылыққа ала отырып, 2009 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің қызметінде ақпараттық технологияларды қолдануға бірыңғай тәсілдер туралы келісімнің 3-бабын назарға ала отырып,

Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің автоматтандырылған жүйелерінің ақпараттық үйлесімділігін қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге кедендейк бақылауды жүзеге асыру

кезінде пайдаланылатын ақпаратты жіктеу мен кодтаудың біріздендірілген жүйесін пайдалана отырып, Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру негізінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің ақпараттық ресурстарын ықпалдастырудың қажеттілігін

с е з і н е

о т ы р ы ,

акпаратты жіктеу мен кодтаудың халықаралық стандарттарын және оларды пайдаланудың Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылы үшін қажеттігін мойындай отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Хаттамада пайдаланылатын ұғымдар мынаны біліреді:  
«анықтамалық» – өзінің мазмұны немесе мәні бойынша жүйелі, құрылымды және кодталған біртекті ақпарат тізбесі;  
«жіктеуіш» – жүйелі, құрылымды және кодталған жіктеу объектілері атауларының тізбесі;

«нормативтік-анықтамалық ақпарат» – Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтері арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын анықтамалықтар мен жіктеуіштер жиынтығы;  
«ақпаратты жіктеудің және кодтаудың біріздендірілген жүйесі» – анықтамалардың, нормативтік-анықтамалық ақпаратты жіктеуіштердің, сондай-ақ оларды әзірлеу, жүргізу және қолдану тәртібі мен әдіснамасының жиынтығы.

## 2-бап

Осы Хаттаманың маңызы 2009 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің қызметінде ақпараттық технологияларды қолдануға бірыңғай тәсілдер туралы келісімді іске асыру шенберінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыруы үшін қажетті ақпаратты жіктеудің және кодтаудың біріздендірілген жүйесін кезең-кезеңімен қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады.

## 3-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтерінің ақпарат жүйелері арасында ақпарат алмасу кезінде пайдалану үшін ақпаратты жіктеудің және кодтаудың біріздендірілген жүйесін қалыптастырады.

## **4-бап**

Ақпаратты жіктеудің және кодтаудың біріздендірілген жүйесін қалыптастыру үшін Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы ұсынған төменде келтірілген қағидаларды қолданады:

көлік құралы ұлгісінің коды көлік түрлерінің жіктеуішіне сәйкес болуға тиіс (Халықаралық сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі жұмыс тобының № 19 ұсынымы);

ел коды ISO 3166-2006 «Елдердің атауларын ұсынуға арналған кодтар» анықтамалығына сәйкес болуға тиіс;

валюта коды ISO 4217-2000 «Валюталар мен қорларды ұсынуға арналған кодтар» анықтамалығына сәйкес болуға тиіс;

қосымша өлшем бірліктерінің кодтары мен атаулары халықаралық саудада қолданылатын өлшем бірліктеріне арналған кодтар мен атаулар анықтамалығына сәйкес болуға тиіс (Халықаралық сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі жұмыс тобының № 20 ұсынымы. «Халықаралық саудада пайдаланылатын өлшем бірліктеріне арналған кодтар»).

## **5-бап**

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің ақпараттық жүйелері арасында алмасуға тиіс ақпаратты қалыптастыру кезінде 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы туралы келісімге сәйкес Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы тауарларының кодтары қолданылады.

## **6-бап**

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері осы Хаттаманың 4-бабында көрсетілген қағидаларға сәйкес анықтамалықтар мен жіктеуіштерді қалыптастырудың және Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінде пайдаланудың тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді біріздендіреді.

## **7-бап**

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері біріздендірілген нормативтік-анықтамалық ақпарат пен Дүниежүзілік кеден ұйымы ұсынатын деректер моделі арасындағы сәйкестікті белгілеу бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастырады.

## **8-бап**

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері екіжақты немесе көпжақты халықаралық шарттар негізінде осы Хаттаманың 4-бабында көрсетілген біріздендірілген анықтамалықтар мен жіктеуіштерді қалыптастыру қағидаларының тізбесін кеңейте алады.

## **9-бап**

Осы Хаттаманы қолдануға немесе түсіндіруге байланысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер олардың арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

## **10-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға тиісті хаттамалармен ресімделетін езгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **11-бап**

Осы Хаттама депозитарий болып табылатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама белгіленбеген мерзімге жасалады. Кез келген Тарап депозитарийге тиісті жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Хаттамадан шыға алады. Мұндай Тарап үшін осы Хаттаманың қолданылуы депозитарий осындағы хабарламаны алған күннен бастап 6 ай өткен соң тоқтатылады.

2011 жылғы 19 мамырда Минск қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады, ол Тараптарға оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь  
Республикасының  
Үкіметі үшін  
Ресей  
Федерациясының  
Үкіметі үшін

Қазақстан  
Республикасының  
Үкіметі үшін  
Үкіметі үшін

Қыргыз  
Республикасының  
Тәжікстан  
Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК